

ЖӨНДЕУ КӨРМЕГЕН ЖОЛ АЗАБЫН ЖОЛАУШЫЛАР ТАРТАДЫ

Жол саласы – еліміздегі өзекті тақырыптардың бірі. Жөндеу көрмеген жолдардың азабын жолаушылар тартады. Соңғы жылдары осы мәселенің түйіні тарқатыла бастағандай. Мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлініп жатыр. Бұның барлығы – халықтың әлеуетін жақсарту үшін жасалып жатқан шара. Десек те жөндеу, жаңадан салынған жолдардың сапасы сын көтермей жататыны шындық. Оның алдын алу үшін жол құрылысының техникалық ахуалын қадағалайтын бірнеше ұйым жұмыс істейді. Солардың бірі – “Жол активтері сапасының ұлттық орталығы” РМК-сы. Кәсіпорын қызметі автомобиль жолдарын салу, қалпына келтіру, жөндеу және күтіп ұстау кезіндегі жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау, сондай-ақ жол активтерін басқару болып табылады. Республикалық кәсіпорынның әр облыста филиалы бар.



менеджерлердің сапасыз жұмысы құрылыстың барлық салаларына әсер етеді. Ең алдымен жұмыс сапасы төмендейді, кадрлар жиі ауысады және жалпы құрылыс саласы туралы қате түсінік қалыптасады. Осындай келеңсіздіктерден тапсырыс берушінің мердігерге деген сенімі азаяды.

Сапаны жақсарту үшін сапа инженерлерінің штатын ұлғайту немесе құру керек. Әрине, ұйым басшыларына олардың қажеттілігін түсіндіру және сол штат инженерлерінің біліктілігін арттыру, жұмыстарына қатысты дұрыс қызметтік нұсқаулықтар беру керек. Ол нұсқаулыққа сәйкес жұмыс уақытының кем дегенде 70 пайызын жұмыс сапасын тексеруге, өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарының қажетті тізбесімен айналысуға жұмсау қажет. Өйткені тапсырыс берушінің, техникалық қадағалаудың, мердігерлік ұйымның сапа жөніндегі инженерінің басты мақсаты – сапалы құрылыс.

Өткен жылдың соңында автомобиль жолдары туралы заңнамаға өзгерістер енгізілуіне байланысты орталық автомобиль жолдарын, оның ішінде елді мекендер мен жалпы қалалардың көшелерін орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізіледі.

Ведомстволық сараптама жүргізу рәсімі мен тәртібін оңтайландыру мақсатында бір терезе қағидаты бойынша техникалық құжаттарды қабылдау порталы ашылды. Орталықтың солтүстікқазақстандық филиалы былтыр 33 техникалық құжатты қарады, соның ішінде 31 орташа жөндеу жобасына оң қорытынды берілді, 2 жоба бойынша көрсетілген оқшылықтар 45 күннің ішінде жойылмауына байланысты қорытынды құжат беруден бас тартылды.

Үстіміздегі жылдың басынан порталға 38 өтінім келіп түсті. Олардың 21-не оң қорытынды берілді, тоғызы қаралып жатыр, жетеуін тапсырыс берушілер пысықтауда, біреуі ескертулерді уақытында жоймағандықтан қабылданбады.

Ведомстволық сараптама бойынша ережеге сәйкес ескертулерді жоюға бес жұмыс күні беріледі. Филиалда жобаны бастапқы қарау қорытындысы бойынша техникалық құжаттама сәйкессіздігі анықталған кезде ескертулерді түзету бойынша пысықтауға қайтарылады. Алайда ескертулерді жою мерзімдері негізсіз 1-2 айдан астам мерзімге созылады. Мысалы, Тимирязев ауданы бойынша төрт жобаның екеуінде ескертулерді жою мерзімі екі айдан асты. Екі жоба жуырда ғана оң қорытынды алды. Сонымен қатар жобаларды ұсынған кезде жүргізілген соңғы жөндеулер туралы ақпарат көрсетілмейді, кейбір аудандық бөлімдерде жүргізілген соңғы жөндеулер туралы, жолдың техникалық санаты және жабын түрі туралы ақпарат болмайды. Бұның барлығы – жауапты мамандардың жетіспеушілігінің салдары.

Көптеген аудандарда аудандық жолдардың тізбесін бекіту туралы қаулы 10-15 жыл бойы жаңартылмаған, ондай проблема жолдардың ұзындығы, санаты, жабындардың атауы және көпірлер мен су өткізгіш құбырларға да қатысты. Кейбір аудандарда берілген тізім шындыққа сәйкес келмейді, яғни әр 2-3 жыл сайын аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімдері атынан жергілікті атқарушы органның тізбесі бойынша ақпарат жаңартылып отырылуы тиіс. Сондай-ақ техникалық құжаттаманы жобалауды және техникалық тапсырманы жобаларды әзірлеуші емес, тапсырыс беруші жасауы керек екенін ескертеміз.

Дұрыс жобалық шешімдер қабылдау және ақаулар көрсетілген ведомсті бірлесіп жасау тапсырыс берушіден шығуы керек, сонда ғана жобаға қатысты дерекі ескертулер болмайды.

Сонымен қатар қазіргі уақытта көшелерге ведомстволық сараптама жұмыстары басталып жатыр. Осыған байланысты барлық көше балансын ұстаушыларға айтарым, көшелердің ұзындығы мен жабыны туралы ақпараты бар көшелердің тізбесін жасаңыздар немесе оларды бекіту туралы қаулы шығарыңыздар.

Жолдыбай ТЕНТЕКОВ,

“Жол активтері сапасының ұлттық орталығы” РМК облыстық филиалының директоры.

* Көпшілік Назарына

ЭХИНОКОККОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Балаларды бетен жануарлармен контакт болдырмау

Ет өнімдеріне термиялық өңдеуді ұқыпты орындау

Контакт болған жағдайда қолды тазалап жуу

Тазартылмаған су қолданбау

Жерде ойнағанда қолды тазалап жуу

жемістер мен көкөністерді жуып пайдалану



Эхинококкоз - эхинококк тұқымдасының ұсақ таспа құрттары тудыратын паразиттік ауру. Гельминттердің даму циклі екі иесінің ауысуымен жүреді: аралық (тұяқты шөпқоректілер мен барлық қоректілер, соның ішінде ауыл шаруашылығы жануарлары және адамдар) және соңғы (ит және ит тұқымдас жабайы жыртқыштар – қасқыр, шақал, енот ит және т.б.).

Ауру адам немесе ауылшаруашылық жануары басқа адамның ауруына себеп бола алмайды.

Тәуекел тобына аңшылар, бақташылар, аң терісі фермаларының, мал фермаларының, зоопарктердің қызметкерлері, ветеринарлар, иттерді аулаумен айналысатын адамдар, ит иелері, қорық қызметкерлері, яғни жабайы түлкілермен, үй иттерімен байланыста болған барлық адамдар және эхинококты жұқтырған жабайы кеміргіштерді, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін аулауға мүмкіндігі бар мысықтар жатады.

Адамдарда эхинококкоз көптеген айлар, тіпті жылдар бойы симптомсыз болуы мүмкін. Дернасәлдік формалардың өте баяу өсуіне және организмнің жоғары компенсаторлық және қорғаныш қасиеттеріне байланысты. Эхинококкозбен ауырған науқастардың барлығы мал сою өнімдерімен қоректенетін аула иттерімен байланыста болған, үй жануарларын дегельминтизациялау мүлдем жүргізілмеген немесе жүйелі түрде жүргізілмеген. Эхинококк адамның барлық дерлік мүшелері мен тіңдерінде локализациялануы мүмкін, бірақ көбінесе бауырда кездеседі.

Бауырдың ұлғаюуы, көптеген пациенттер кездейсоқ өздерін ашады, бұл толық денсаулық арасында көрінеді. Көбінесе эхинококкпен бауырдың зақымдалуы бауыр түтіктерінің паразиті арқылы қысымды пальпациялау арқылы анықталады немесе эхинококк кистасының мазмұны оларға еніп кетсе, сарғаю пайда болады. Эхинококк кистасы жарылған кезде оның ішіндегісі сыртқа төгіліп, іш қуысына егуі мүмкін. Кейінірек іш қуысы мүшелерінің көптеген эхинококктарын тудырады. Сондай-ақ кистаның іріңдеуі, перитониттің дамуы, анафилактикалық шок, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

Иттердегі эхинококкоздың алдын алу үшін қажет:

- домалақ және таспа құрттарға қарсы кең спектрлі препараттарды қолдана отырып, иттерді мерзімді дегельминтизациялауды жүргізу;
- гельминттердің жұмыртқаларын анықтау үшін иттерге зерттеу жүргізу;
- иттерге гельминттердің аралық иесі болып табылатын жануарлардың шикі органдарын тамақтандыруға жол бермеу;
- Иттердің еркін жүгіруіне жол бермеңіз.

Адамдарда эхинококкоздың алдын алу үшін мыналарды ұсынамыз:

- итпен қарым-қатынаста жеке гигиена ережелерін сақтау;
- шикі тұтынылған жидектерді, жемістер мен көкөністерді жуу;
- ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткен ауыл шаруашылығы жануарларының сою өнімдерін азық-түлікке пайдалану;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін қолдан сатып алудан бас тарту.

Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын азаматтарға: ауыл шаруашылығы жануарларын союды ескертуді

мал сою пунктінде ветеринариялық маманның бақылауымен, сою өнімдерін міндетті ветеринариялық-санитариялық сараптаумен жүргізілуі тиіс.

Марат ТОКУЖИНОВ,

«Тайынша ауданының Ветеринарлық станциясы» ШЖҚ МКК директоры.

ҚАЗАҚСТАНДА ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫН ЕНГІЗУ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде Отбасының цифрлық картасын енгізу басталды. Жалпы бұл жаңалықтың іс жүзіндегі Картасы-

◆ бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы»;

◆ көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл қалай жұмыс істейді?

◆ Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың әл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізілді.

◆ Қазірдің өзінде цифрлық картада шамамен 6 млн. отбасы және 19 млн. оның мүшелері туралы деректер қамтылған, сондай-ақ «отбасы портреті» деп аталатын деректер қалыптастырылған. Карта деректері отбасы және оның мүшелері мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңартылып отырады.

◆ Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығы белгіленген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін әлеуетті алушыға СМС-хабарлама жіберіледі.

◆ Келісім алғаннан кейін – әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың басқа түрлері тағайындалып, кейін алушының банк шотына аударылады.

Жоба кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

◆ 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап – жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет алу мүмкіндігі ұсынылды;

◆ 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілетін болады;

◆ 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізілетін болады;

◆ 2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылатын болады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТЕН БАС ТАРТА АЛМАЙДЫ

Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында медициналық сақтандыру қоры көрсетілген медициналық қызметтер үшін төлем жасамайтындығы туралы ақпарат таралуда. Бұл мәлімдемелер шындыққа жанаспайды. Қор төлемдердің барлығын жасалған шарттар сомасы шегінде толық көлемде жүзеге асырады.

Медициналық ұйымдар мен олардың бірлесіп орындаушылары шарт талаптарына сәйкес келмейтін төлемді талап етеді. Сол себепті төлемге ұсынылған сома шартта көзделген айлық көлемнен айтарлықтай асып түседі. Ал қор бюджетте көрсетілген мөлшерден артық соманы төлей алмайды. Осы тұрғыда жасалған шарттар бойынша сомалардың асып кету фактісі медициналық ұйымдардың және олардың бірлесіп орындаушыларының шығыстарын зерделеуге, сондай-ақ көрсетілген медициналық қызметтердің негізділігі, шынайылығы, толықтығы мен сапасы тұрғысынан жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз болып саналады. Мұндай тексерулер медициналық ұйымдар тарапынан қосымша жазу фактілері мен басқа да заң бұзушылықтар санының артуы жағдайында ғана жүргізілуі тиіс. Осыған байланысты шарттан өзге көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу туралы шешім жоспардан тыс мониторинг нәтижелері бойынша қабылданатын болады. Төлемді төлеу және жоспардан тыс мониторинг жүргізуді бастау мәселесін қарау үшін медициналық ұйымдар мониторинг жүргізу қағидаларының 50-тармағына сәйкес қорға жүгінугі қажет. Сонымен қатар егер қордың медициналық қызметтерді төлеуді кешіктіруі себебінен медициналық көмек көрсетуден бас тартылса, ресми байланыс арнасы "Qoldau 24/7" мобильді қосымшасы немесе "fms.kz" ресми сайты арқылы көмекке жүгінуге болады. Медициналық ұйымдардың шарттық міндеттемелер шеңберінде халыққа медициналық көмек көрсетуден бас тартуға құқығы жоқ.

Қарлығаш ИЛИСОВА,
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
облыстық филиалының баспасөз хатшысы.

ОЛАР ҚОҒАМ НАЗАРЫНАН ЕШҚАШАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Қоғамның ажырамас бөлшегі – мүмкіндігі шектеулі жандар. Мемлекет те олардың қоғамнан тыс қалмауын жіті қадағалап келеді. Алайда көру мүмкіндігі шектелсе де, олар қол қусырып қарап отырмайды. Тек үйде ғана емес, қоғамдық шараларға да белсенді қатысып, өз өнерлері мен шығармашылықтарын көрсетіп жүр. Өйткені қазір оқшау қалған мүгедек жоқ, бірі – оқиды, бірі – кәсіппен шұғылданады, енді бірі – жұмыс істейді. Дені сау адамдармен қатарласа еңбек атқарады десек, артық емес.

Мүмкіндігі шектеулі жандар бізбен бірге бір қоғамда өмір сүруде. Бірақ оларды белсенді ортадан сирек көретіміз рас. Олардың өзгелер секілді өмір сүруі, жұмыс істеуі қаншалықты қиын екені айтпаса да түсінікті. Қазір біздің қоғам өркениетті көзқарасқа бейімделіп келеді. Арамызда мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз болашақ сыйлап, өздеріне жақын тартып, жан-жылуын беруге ниетті жанашыр жандар да аз емес.

Жазмыштың жазуымен жанарынан айырылған адамдар аз емес. Тағдыр тауқыметін тартқан олардың тірлігі қиындыққа толы. Дегенмен денсаулығым жарамайды деп, қол қусырып, қарап отырмайды. Қоғамдық іс-шараларға қатысып, өз өнерлерін ортаға салып жүр.

Күн сәулесін бір сәтке болса да еркін көру – зағиптар үшін өмірдегі баға жетпес, ең асыл арман.




Айналадағыны тек сипау арқылы ғана сезіп, көкірек көзімен көруден басқа қолдан келер қайран жоқ. Алайда олар – жазмыштың жазғанына жасымайтын қайсар жандар.

Зағип адамдардың ішінде де басқа да адамдар сияқты белгілі бір талант иелері бар, сондықтан да оларды қоғамнан тыс қалдырмау өте маңызды, тіпті оларға адамдармен араласу, өз мүмкіндіктерін іске асыру керек және де оларға қоғамның назары өте қажет. Солардың қатарында отбасында аяулы ана, асыл жар, немерелерінің ақылшы әжесі, ағайын – туыстың нағыз жанашыр белді азаматшасы – Қоныскүл Боранбаева да бар. Бұл апайымызды ендігі уақыттарда ақын апа деп айтуға да болады. Себебі көпшілік ағайын-туыс, дос-жаран, бауырларының қолдауымен, Қоныскүл апайдың жүрегінен шыққан алтын сөздері мен өлең-жырлары кітап болып, баспадан шықты. Жуырда бұл кітап жарыққа шығып, оқырмандарына жол тартты. Ендігі айтарымыз, ақын апа шығармашылық шабытыңыз арта берсін!

Жалпы осы қоғамның адамдары нағыз батыл, бейбіт күннің батырлары! «ҚЗҚ» ҚБ СҚО Тайынша ауданы бойынша филиалы қанатының астында бүгінгі күні 64-тен аса адам бар. Қоғамның барлық мүшесі әр түрлі жаста және түрлі ұлт өкілдері. Оларды біріктірген ортақ қайғы ғана емес, белсенді өмір сүруге, байланыста болуға, өз күші мен мүмкіндігіне қарай әрекет етуге деген ниет те бар. Филиал аудандық ардагерлер кеңесімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Бірлестік мүшелері аудандық іс-шаралардан да тыс қалмайды, түрлі сайыстарға қатысады.

Уақыт көрсеткендей зағип болып та, өзін өнерді, спортты, әдебиетті қатар алып жүруге болады. Әлемде көру мүмкіндігінен айырылса да, еңбек етіп, танымал болған адам қаншама.

Амантай Еламанұлының айтуынша, ҚЗҚ аудандық филиалының мүшелері үнемі облыстық сайыстарға қатысып тұрады. Мысалы, апалы-сіңлілі Алтынқұл мен Қоныскүл Боранбаевалар әнді керемет орындайды, Лариса Федотова өлең жазады. Бірлестіктің ең жас өкілі Елизавета Бродовская фортепианода ойнайды, жуырда ол «Шуақты әлем» облыстық фестиваль



сайыста екінші орынға ие болды. Петропавлда Балалар жылы аясында алғаш рет осындай фестиваль өтіп, оған арнайы білім беру қажеттіліктері бар 140 өнерпаз қатысты. ҚЗҚ-ның 85 жылдығына арналған облыстық солист-вокалист сайысына М.Жұмабаев пен А.Боранбаева қатысып, жүлделі үшінші орынды иеленді, Л.Федотова мен Е.Ветряк мәнерлеп оқу сайысына қатысып, дипломмен марапатталды.

Амантай Еламанұлы 2008 жылдан бері бірлестікті басқарып келеді. Белсенді жұмысы үшін осы жылы Республика күніне орай аудан әкімінің алғыс хаты мен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің грамотасымен марапатталды. Одан басқа, Амантай Еламанұлы Тайынша ауданының делегациясы құрамында Қазақстан Республикасы күніне арналған облыстық салтанатты іс-шараға қатысты. Бірлестік басшысының ең басты есте қалар оқиғасы – Алматы



қаласына сапары болды. Онда 7 қазаннан бастап жоғарыда аталған республикалық ұйымның мерейтойына арналған қорытынды салтанатты іс-шара болып, оған ҚЗҚ-ның құрметті мүшелері шақырылып, оның ішінде А.Жантілесов те болды.

А.Жантілесов демеуші кәсіпкерлер А.Егімбаев, М.Ибраев, А.Хасенова, Ш.Сельмурзавев, А.Жилина, Д.Титовец, В.Филь, С.Кондрацкая, О.Бичовина, Ф.Мусаев, Е.Вольфер, Г.Исенева және басқаларына алғыс айтады.

- аудандық және қалалық әкімдікке, аудандық мәслихатқа, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалына, аудандық ардагерлер кеңесіне, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне, спорт бөліміне, аудандық кітапханаға, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, аудандық «Тайынша таңы» және «Тайыншинские вести» газеттеріне алғыс айтамын. Қашанда қолдау көрсетіп отырады, - дейді А.Жантілесов. Ол солай болу керек. Бұл санаттағы адамдар ешқашан да қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс деп ойлаймын.

